



№28 (1662)
17 қазан
2017 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

В ДЕСЯТКЕ ЛУЧШИХ

КазНУ им. аль-Фараби в очередной раз подтвердил свою высокую конкурентоспособность и вошел в рейтинге QS в топ 10 лучших вузов развивающихся стран Европы и Центральной Азии (EECA - Emerging Europe & Central Asia).

Қадамың құтты болсын, студент!

Қазақ білімінің қарашаңырағы жыл сайынғы дәстүрге сай ыстық ұядан қанат қаққан жас түлектерді салтанатты түрде студенттер қатарына қабылдады.

Ranking	University
10	Al-Farabi Kazakh National University
11	Tomsk State University
12	Bilkent University
13	Moscow Institute of Physics and Technology (MIPT / Moscow Phystech)
14	Jagiellonian University
14	Koc University
16	Sabanci University
17	Masaryk University
18	Vilnius University
19	Warsaw University of Technology
20	Bauman Moscow State Technical University



Бұл кештің әр жеткіншек үшін маңызы зор. Көңілдері алабұртып, көкіректерін қуаныш кернеген студенттердің жүздері бал-бұл жанды. ҚазҰУ-мен бірге жарқын болашаққа қадам басуды армандаған жастар қатары жыл сайын артып келеді. Биыл 7 мыңға жуық талапты жас ҚазҰУ студенті атанды. Олардың 4098-і мемлекеттік білім грантының игерлері болса, соның ішінде 897 – «Алтын белгі» иегері, 35 – халықаралық және республикалық олимпиада жеңімпазы, 187 – Назарбаев интеллектуалды мектебінің түлегі, 300-ге жуық әл-Фараби олимпиадасының жүлдегері бар. Бұл – Қазақстанның жоғары білім беру тарихында ешқандай оқу орны қол жеткізбеген нәтиже.

дене мәдениеті» сынды университеттің негізгі жобалары композициялық қойылымдар арқылы 1-курс студенттеріне таныстырылды. Әсем әуен аясындағы тағылымы мол көріністер жастардың көңілінен шықты. Биогаз, күн батареялары секілді инновациялық жобалар мен ҚазҰУ-дағы жылыжай бимен ерекше үйлесім тапты.

ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов 1-курс студенттеріне ID карта мен білім кілтін табыстап, ақ тілегін білдірді. «Біздің – университет әлемдік деңгейдегі оқу орны. Біз жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, адами құндылықтарды игерген білімді азамат тәрбиелейміз. Осы орайда университетте «Al-Farabi university – smart city» ауқымды жобасы жұмыс істейді. Оның негізгі идеясы адамгершілік құндылықтарды бойға сіңіріп, білім тұғырын биік ұстау», – деді университет ректоры. Ғалым Мұтанұлы өзін-өзі жетілдіріп, алға жетелеудің маңыздылығына тоқталып, университетте студенттерге жасалған мүмкіндіктерді ұтымды пайдалануға кеңес берді.

Әлемде тендесі жоқ «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, Жас ғалымдар үйі, диагностикалық медициналық орталық, Әл-Фараби кітапханасы орналасқан қалашықты және «Al-Farabi university – smart city», «Green Campus» жобаларын дәріптеген композициялар да университет табалдырығын аттаған студенттердің еңсесін көтеріп, болашаққа деген жарқын көзқарастарын оятып.

Салтанатты кеште «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» «Грин кампус», «Айналанды нұрландыр!», «Саламатты

ҚазҰУ – жас көшбасшылар мектебі. Мұнда 100-ден аса жастар және студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары әлеуметтік әріптестік қағидасы негізінде қызмет атқарады.

Қазіргі таңда оқу орнында спорттың 30-дан астам түрі қарқынды дамыған. Спорттық секциялар клубтық пішінде жұмыс істеп жатыр. Студенттерге арналған жүзу бассейні бар.

ҚазҰУ спорт әлемінде де тендессіз көш бастап келеді. Рио-де-Жанейрода өткен 2016 жылғы Олимпиада ойындарына университетімізден 17 студент қатысып, Елдос Сметов қола, Эльмира Сыздықова күміс жүлдегер атанса, Дмитрий Баландин жүзуден қазақ спорты тарихындағы алғашқы алтын медальды қанжығасына байлады.

Жалғасы 8-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

СОТРУДНИЧЕСТВО С
ВАРМИЯ-МУЗУРСКИМ
УНИВЕРСИТЕТОМ



2-стр.

ӘЛІПБІДІҢ
БІРЕГЕЙ ФОРМАТЫ
ТАЛҚЫЛАНДЫ



3-бет

ЖЕРДЕН АСҚАН
БАЙЛЫҚ ЖОҚ



5-бет

ОТ АЛЬ-ФАРАБИ ДО КОПЕРНИКА

КазНУ посетила делегация Вармия-Мазурского университета во главе с ректором Рышардом Гурецим (Польша). Приветствуя гостей ректор КазНУ Галым Мутанов отметил, что сотрудничество университета с польскими вузами развивается, подписаны ряд соглашений и меморандумов, которые открыли широкие возможности преподавателям и студентам участвовать в разных образовательных программах и международных конференциях. Также он ознакомил гостей с достижениями, научно-образовательной и инновационной деятельностью КазНУ.



инноваций и новых технологий», – отметил Рышард Гурецкий.

Проректор по науке, профессор Ежи Ярошевски отметил, что Варминско-Мазурский университет в Ольштыне является участником программы «Наука без границ», а также 6 международных университетских сетей. Вуз принимает участие в программе Erasmus+, и является партнером многих вузов Европы. Участие в этой программе является хорошей

возможностью повышения уровня мобильности среди студентов и научных сотрудников.

В завершение встречи стороны обсудили возможность сотрудничества в рамках проекта «Аль-Фараби - Коперник» и подтвердили готовность к совместной работе и развитию взаимовыгодных отношений.

Пресс-служба

■ KAZNU.KZ

ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев Александр Стульгинскис университетінің өкілдерімен кездесті.

Шараға Александр Стульгинскис университетінің проректоры Видмантас Буткус, халықаралық бөлімнің меңгерушісі Минвидас Лиегус, су ресурстары инженерия институтының директоры Авридас Повилайтис және өзге де литвалық ғалымдармен қатар ҚазҰУ басшылығы қатысты.

Сөз алған бірінші проректор М.Бүркітбаев: «Эрасмус+ бағдарламасы арқылы біз біраз жылдан бері көптеген Еуропалық Одақ елдерімен білім саласында тығыз қарым-қатынас орнатамыз және де сіздермен де болашақта ынтымақтастық орнатуды жетілдіреміз», – деді.

Кездесу аясында тараптар білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулер секторындағы әріптестік мүмкіндіктерін кеңейту тақырыбын талқылап, бірлескен ғылыми жобалар, оқытушылар мен зерттеушілердің біліктілігін көтеру жөніндегі мәселелерді қарастырды. Сондай-ақ тараптар екі университет арасында биология, биотехнология, экономика, инженерия және басқа да салаларды дамыту жайына тоқталды.

Шара соңында делегация құрамы ҚазҰУ ұжымына ерекше алғыс білдіріп, университеттегі ғылыми зерттеу орталықтарының жұмысымен танысты.

ҚазҰУ-дың метеорология және гидрология кафедрасында Орта Азияның ұлттық гидрометеорология қызметтеріне (ОАҰГК) арналған қашықтықтан білім беру (ҚББ) желісі орталығының ашылу салтанаты өтті. Аталмыш орталық әлемдік банк гранты бойынша бой көтерді.

Орталық ұлттық гидрометеорологиялық қызметтердегі метеоролог және гидролог мамандарға, гидрометеорологиялық бағытқа қызығушылық танытатын ұйымдар мен республика оқытушыларының білімін арттыруға бірден-бір мүмкіндік. География және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Виталий Сальниковтың айтуынша, заманауи жабдықталған түрлі кластар бар болса да аталмыш кластердің маңызы зор. Өз ретінде орталық жоғары деңгейде қашықтықтан білім алуға ықпалын тигізбек.

Ашылу салтанатында ҚазҰУ-дың оқу жұмысы жөніндегі проректоры Асқар Хикметов «Түлектердің мұрындық болуымен кластердің ашылуы – зор қуаныш. Бұл біз үшін үлкен жеңіс», – деп ізгі ниетін жеткізді. Сөйлеген сөзінде проректор қызметкерлердің біліктілігін арттыруда кластердің өзектілігін тілге тиек етті.

Шараға арнайы келген метеорология және гидрология кафедрасының түлегі, Ресей Федерациясының қоршаған орта мониторингі және гидрометеорология бойынша Федералды қызметінің Мамандар және басқарушы қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының проректоры Григорий Николаевич Чичасов заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, қажетті білім алуға мүмкіндік беретін қашықтықтан білім берудің ерекшеліктерін баяндап, өзіндік тәжірибесімен бөлісті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

■ РЕКТОРАТ

ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШ

Әлемдік QS рейтингінде жоғары көрсеткішке ие болған ҚазҰУ-дың білім мен ғылым саласындағы жетістіктері кезекті ректорат мәжілісіне арқау болды.



да салаларды кенінен камтуымыз керек», – деді бірінші проректор. Сондай-ақ ол ҚазҰУ-дың QS WUR Subject рейтингінде «Физика», «География», «Математика» бағыттары

алғашқы орын иеленгенін айтып, шектік балы жеткіліксіз басқа мамандықтар тізіміне назар аударды. Проректор QS рейтингісіне сәйкес университеттің академиялық қауымдастығы, жұмыс берушілер арасындағы танымалдылығы, ғылыми еңбектер жариялануы, түлектердің жұмысқа орналасу пайызы, ғылыми-педагогикалық құрамы мен тыңдаушыларға шаққандағы шетелдік оқытушылар мен студенттер үлесіне де кеңінен тоқталып өтті.

Жиын барысында «Талапкер» кәсіби бағдар беру орталығының директоры Данара Қалиақпар 2017-2018 оқу жылына арналған кәсіби бағдар беру жұмысы жоспарына тоқталса, Оқу жетістіктерін сырттай бақылау дайындығы туралы білім беру бағдарламаларының сапасын бақылау қызметінің жетекшісі Айгүл Байнәсєрова баяндады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



23 қазан күні филология және өлем тілдері факультетінде «Профессор Т.Көкішұлы және өдебиет тарихының өзекті мәселелері» атты конференция өтеді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да белгілі ғалым-заңгер, ҚР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР Ұлттық ғылым академиясының және ҚР Жоғарғы мектеп академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Сұлтан Сартаевтың 90 жылдық мерейтойына әрі ғылыми-педагогикалық қызметіне 68 жыл толуына орай «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ



мемлекеттік-құқықтық жүйесін қалыптастыру мен дамыту ісіне сүбелі үлесіңізді қостыңыз. Сіздің өнегелі еңбек жолыңыз бен ел игілігіне арнап атқарған істеріңіз өсіп келе жатқан ұрпақтар үшін әрдайым жақсы үлгі болып қала береді деп ойлаймын. Мықты денсаулық, баянды бақыт, әулетіңізге амандық пен құт-береке тілеймін», — делінген хатта.

Конференция барысында сөз алған ғалымның шәкірттері, әріптестері мен замандастары Сұлтан Сартаевтың еңбектеріндегі КСРО-ның ыдырау үрдісіне берген саяси-құқықтық бағасын талдап, егеменді және тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына негіз болған еңбектерінің ғылыми маңызды тұстарын атап өтті. Сұлтан Сартаевтың еңбектері студент жастардың патриоттық және өнегелік санасы мен тәрбиесінің қалыптасуына да үлкен әсері бар екендігін тілге тиек етті.

Сондай-ақ шара барысында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік құрылыс пен құқықтық жүйенің дамуы, оны жетілдірудің негізгі жолдары және конституциялық заңнама жүйесін жетілдірудің негізгі мәселелері де кеңінен талқыға салынды.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

Әбішұлының Сұлтан Сартаевқа жолдаған құттықтау хатымен басталды. «Халқымыз өзіңізді Қазақстан заң ғылымының көрнекті өкілі, ұлағатты ұстаз және белгілі қоғам қайраткері ретінде қадірлейді. Сіз ондаған жылдар бойы жоғары оқу орындарында сабақ

беріп, басшылық жасап, болашақ заңгерлер мен осы салаға арнап ғылыми кадрлар тәрбиеледіңіз. Өзіңіздің кемел біліміңіз бен мол тәжірибеніздің және зор абырой-беделіңіздің арқасында еліміздің Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып, тәуелсіз Қазақстанның

Конференцияға мемлекеттік органдардың өкілдері — Қазақстан Республикасы Президент әкімшілігі басшысының орынбасары Т.С. Донаков, ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы И.И. Рогов, ҚР Бас прокуроры Ж.К.Асанов, Қазақстанның және шет мемлекеттердің заң саласының ғалымдары, ғылыми-зерттеу институттарының мамандары, «Нұр Отан» саяси партиясының және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысты.

Мерейтой иесіне арналған жүрекжарды құттықтаулар легі Елбасы Нұрсұлтан

КИНОФЕСТИВАЛЬ КӨРСЕТІЛІМДЕРІ ӨТЕДІ

Ағымдағы жылдың 26 қазан күні Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Түркі дүниесінің деректі фильмдері II Халықаралық кинофестивалінің Алматы қаласындағы көрсетілімдері өтеді.



Фестиваль ұйымдастырушылары — Түркі дүниесі Журналистер федерациясы. Ұйымның негізгі мақсаты түркі тектес елдермен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатып, түркі дүниесінің мәдени құндылықтарын жариялау, насихаттау, ақпарат алмасу болып табылады. Ағымдағы жылдың 5 мамырында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті мен Түркі дүниесі Журналистер федерациясы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Әл-Фараби кітапханасында өтетін шараға фестиваль басшылары, журналистер мен режиссерлер, ORT, TRT (Анкара), MER-CAM TV (Aduaman), Genc TV (Кипр) өкілдері қатысатын болады.

Әліпбидің бірегей форматы ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде әліпбидің бірегей форматына көшу жайы талқыланды. Дөңгелек үстелге филологтар мен лингвист ғалымдар, қоғам өкілдері, университет белсенділері, оқытушылар мен студенттер қатысып, тақырып төңірегінде өз ойларын ортаға салды.

Шара Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылған қоғамдық сананы жаңғырту үдерісінің маңызды бөлігі ретінде қазақ тілін жаңғыртуға бағытталған. Шарада латын тілін кезең-кезеңмен енгізу үшін методикалық базаны қамтамасыз ету және қажетті кадрлар дайындау үрдісіндегі университеттердің ролі талқыланды.

Алғашқы болып сөз алған филология ғылымдарының кандидаты Съезд Ақымбек жаңа әліпбиге көшуді іске асырудың өзекті мәселелеріне тоқталды. Баяндамасында ол «Латын әліпбиіне көшу — қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына бірден-бір мүмкіндік. Ғаламда 12 мемлекет кириллица жазуын пайдаланса, қалған көпшілігі латын әліпбиін пайдаланады. Демек, бұл бізді күллі әлем тануына жол ашса, екіншіден, әр



елдің түкпір-түкпіріндегі қандастарымызбен байланысымыз артатын түспек», — деп пікір білдірді. С.Ақымбектің сөзінше, шеттегі бауырларымыз ғана емес, бір жүйе қалыптастыра отырып, біз түбі бір түркі халықтарының басын біріктіреміз. Олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтудің маңызы зор.

Сөйлеген сөзінде Бостандық ауданы бойынша Ішкі саясат бөлімінің басшысы Бекжан Сәрсенбай: «Бұл бастама — саналы түрде жан-жақты ойластырылып жүзеге

асырылған жоба. Еліміздің болашағы үшін жасалған тың қадам», — деп атап өтті. Латын әліпбиіне көшу өркениетті елдердің қатарына қосылып, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге, сонымен қатар қазақ тілінің мәртебесін көтеруге жол ашады дейді ол. Аталмыш әліпбидің қазақ тілін компьютер мен ғаламторға бейімдеуде, жалпы халықаралық ақпарат кеңістігіне шығаруда да көмегі мол. Осы орайда мамандар «Абай жолы» романын үш секундта латын қарпіне түсіруді ойластырғандығын атап өткеніміз жөн.

Дөңгелек үстел барысында қатысушылар тіл тазалығы мәселесін де алға қойды. «Латын әліпбиі тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға ықпал етеді. Қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаруы уақыт пен қаржыны үнемдей түседі», — дейді журналистика факультетінің бірқатар студенттері.

Латын әліпбиіне көшу жүйесін жазуды реформалау деп түсіну қажет. Сонда ғана тіл жаңғырады, жанарады. Ал тілдің жанаруы рухани жаңғыруға алып келмек.

Жазерке ҚАРТАЕВА



**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – жастар алдындағы ҮЛКЕН МІНДЕТ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы көпшілікке ой салды. Қазіргі елімізде жүргізіліп жатқан саяси, экономикалық реформалар бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Елбасымыз алдыңғы екі реформаларды жүзеге асыруда рухани жағымыздың әлсіреп бара жатқандығын байқап, көрегенділікпен рухани жаңғыруды қолға алып отыр. Бұрын айтылып жүрген ойлар бұл жолы үлкен бір бағдарламаға айналған. Қазіргі жаһандану үрдісіндегі адамның рухани ахуалы өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны бізге мәлім. Бұл реформа білім саласында тер төгіп жүрген біздерге де аса маңызды міндетті жүктеп отыр. Идеяны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті толықтай қолдайды.



Елбасы адамның құндылығы, рухани байлығы, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу үшін рухани салаға мән бермесек, үлкен қателікке ұрынатындығымызды айтып отыр. Бірінші тарауда «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы», өзгермелі заманның бұлыңғыр болашағында өз еліміз бен мәдениетіміздің артықшылықтары мен ерекшеліктерін сақтай отырып, ұлттық кодты қалыптастыру мәселесі қаралды. Ағаштың діні қатты болмаса, ғұмыры ұзақ болмайды деген идея қозғалып отыр. Тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың 6 бағытын атап көрсетті. Біріншісі, «Бәсекелік қабілет». Еліміздің болшақтағы келбетін анықтайтын – бәсекеге қабілеттілік. Бәсекеге қабілеттілік саясатта, экономикада, руханиятта, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болмаған жерде іріп-шіріп, деградацияға ұшырайтынымыз анық. Бәсеке болған жерде бабымызды қамшылап, сапаға жұмыс жасаймыз, жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, санамызды жөндейміз. Қазіргі заманның талабы маманның білімді, жан-жақты, шет тілдерді меңгерген, компьютерлік, құқықтық, саяси сауаттылығын алдыға тартып отыр. Мемлекеттен жәрдем күтпей, осы заманның талабына сай болсаң, өз орнында міндетті түрде табатынына сенімді боласың деген идея жатыр.

ұлтымыз бен мәдениетіміздің ұстамдылық, қанағатшылық пен қарапайымдылық сынды артықшылықтарын орынды пайдалану арқылы дұрыс шешім қабылдауымыз керек. Экономикамызды дамытудағы басты алғышарттардың бірі – дүниеге прагматикалық көзқарас.

Үшіншісі – «Ұлттық бірегейлікті сақтау». Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымызды бойымызда мәңгі сақтауымыз керек. Техника мен технологияның дамуына қарамастан, өзіміздің ұлтымызды айғақтайтын қазынамыздан бас тартпай, оларды сабақтастыра жана дүниенің тууына мүмкіндік беруіміз қажет.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күй-лері, Жаяу Мұсаның арманы, қазақ ағартушылары –Алаш ұлдары, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Бұл мәдениетіміздің сақталуы біздің ұлтымыздың бірегейлігін көрсетеді. Қазақстанда тұратын 130 ұлт өкілдері үшін ұлттық бірегейлік бірінші орында болуы тиіс.

Төртіншісі – «Білімнің салтанат құруы». «Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады» дейді халқымыз. Мемлекеттің дамуында орасан күшке ие, бұл – адам капиталы. Әрине, білімді адам әрқашан дұрыс шешім қабылдауға тырысады. Білім сапасы мықты болуы үшін еліміздің білім беру саласын реформалаймыз деп жатыр. Барлық саланың жақсы дамуы немесе нәтижелі болуы осы білім беру саласымен тікелей байланысты. Сондықтан, буындары әлі қата қоймаған жас мемлекетіміздің адам капиталына, яғни оның ішінде білім беру саласына ерекше көңіл бөлгені қуантады. Біздің жастар білімділік деген сөзге дұрыс дефиниция берсе, осы идеялар дұрыс жеткізілетін болса, білімді азаматтарымыз артар еді. Қазіргі кезде халықты білім нәрімен сусындатып жүрген, білім саласындағы оқытушылардың алдында үлкен міндет бар, бұл – оқушыларға жана ақпарат тізбегін емес, осы ақпаратты дұрыс қолдана білу дағдысын үйретуіміз қажет. Біраз жылдар жаратылыстану ғылымдарына қатты

ден қойылған еді, осы мақала гуманитарлық ғылымдардың біраз абыройын көтерсе керек.

Бесінші, «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы». Дамудың екі түрі бар: бірі революция болса, екіншісі – эволюциялық жол. Қазақ елінің тарихына көз жүгіртсек, шынымен революциялық кертартпалардың куәсі боламыз: 1917 жылғы Қазан революциясы, 1918-1922 жылғы ашаршылық, 1929-1931 жылғы жұт пен ашаршылық, 1938 жылғы репрессия, 1950 жылдардағы екінші толқыны, 1950 жылдардағы индустрияландыру.

Қазіргі кезде революция жолының сипаты өзгеріп, мазмұны қалды. Сепаратистік ұйымдардың қазіргі заманның тыныштығын бұзып жатқандығын көреміз. Енді Қазақ елі тек эволюциялық жолмен дамуы тиіс. Өзінің ұлттық қалпынан айырылмай, аяғында нық тұрып, келген дауылға жауап беруіміз керек.

Алтыншысы – «Сананың ашықтығы». Бір идеяның екі тармағы көрсетілген. Біріншісі жабық есік саясатын ұсатана алмаймыз, егер бұл саясатты ұстансақ, көштің артында қаламыз дейді. Сондықтан жана дүниелерге ашық болуымыз қажет. Бірақ сонымен қатар санамызды қокысқа айналдырмай, өзімізге қажетті және жақсы, ұтымды жақтарын алуға ұмтылуымыз керек. Бір мықты екінші бір мықтының күшін мойындаса, абыройы артады деген бар. Өмір жаман мен жақсыдан тұрады, бізге даму үшін күштерді айқындап, үлгі ала алсақ, біздің мерейіміз үстем болары сөзсіз. Үлгіні де ұлттық сипатқа айналдыра алатынымызды ескерсек, сапа жоғары болады.

Екінші тарауда «Таяу жылдардағы міндеттер», бұл жерде болашақта жүзеге асуы керек міндеттердің тізбегі жасалған. Біріншісі – қазақ әліпбиін латын тіліне ауыстыру, екіншісі – қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жана гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жана оқулық» жобасын қолға алу жайы жазылады. Гуманитарлық білімдердің беделін қайта қалпына келтіру де қарастырылады. Әлемге әйгілі шет ел авторларының 100 оқулығы өз тілімізге аударылатын болады. Әрбір қазақстандықтың бойындағы патриотизмді дамыту мәселесі

назардан тыс қалған жоқ. Ұлттық бірегейлікті сақтау міндет.

Бұл жұмыс дер кезінде жасалып жатыр, енді оны халыққа жеткізе білу маңызды. Бұл – еліміздің жарқын болашағы үшін жасалып жатқан жұмыстардың бір бөлігі.

Бұл бағдарламаның жүзеге асуы адамдардың санасына тікелей байланысты. Бәрі санадан басталады. Сол үшін сананы түзеуіміз қажет. Сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиіспіз. Бәсекеге қабілеттілікті дамытып, әлемдік және ішкі нарықта бәсекелестікті тудыруымыз қажет. Білім әлемдік, тәрбие ұлттық болуы тиіс. Ата-бабаларымыздың баяғыдан келе жатқан үлкен құндылықтар жүйесі жастарымыздың да санасына еніп, олар әр нәрсеге сын көзбен қарап, жақсы үрдістеріміздің бәрін бойына сіңірген, кез келген қиындықтарға төтеп бере алатын ұрпақты тәрбиелеуіміз қажет.

Бұл реформаларды жүзеге асыру жолында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітап аудару мәселесіне және өнегелі ұрпақ тәрбиесіне, ұлтымыздың болашағын – бәсекеге қабілетті, жан-жақты, санасы ашық, көкірегі ояу, білімді, патриот, прагматикалық көзқарастағы жастарды тәрбиелеуде тынбай еңбек етуде. Университет ректоры Ғ.М. Мұтановтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап», «Айналанды нұрландыр», ««Al-Farabi university – smart city», т.б. жобалар сөзімізді айғақтайды.

Еліміздің жарқын болашағы үшін адам капиталын арттыратын білім саласына, оның ішінде мектептер, орта білім беру орындары, жоғары оқу орындарына жіті назар аударылып жатқандығы көңіл қуантады.

Біздің басты мақсатымыз – әлемдік өркениетке еніп, дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Оған озық білім, терең ғылым арқылы ғана жетеміз. Бізге жүктелген міндетті абыроймен атқарамыз деген сенімдеміз.

Әлия РАМАЗАНОВА,
доцент, философ. ғ.д.;

Айдана ЕРЖАНОВА,
философия кафедрасының магистранты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік жаңғыруы жағдайында ғылыми-зерттеушілік және білім беру әрекеті әдіснамасының дамуы» тақырыбында Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының және Қазақстан Педагогикалық ғылым академиясының академигі, профессор Шәркүл Таубаеваның 70 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтті.



Шараға әлеуметтік педагогика әдіснамасы саласының жетекші ғалымы Л.В. Мардахаев, білім сапасынан халықаралық сарапшы Н.Н.Найденова, Қазақстанның түрлі аймағынан – Алматы, Астана, Түркістан, Атырау, Ақтөбе, Орал, Тараз, Шымкент қалаларынан отандық ғалымдар, сонымен қатар, Алматы қаласындағы ЮНЕСКО Кластерлік бюросы, білім беру бойынша бағдарламалық маманы Лина Бенете катысты.

Шәркүл Таубаева – 300-ден астам ғылыми жұмыстардың, соның ішінде «Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы», «Педагогикалық зерттеулердің әдістері мен әдіснамасы» оқулықтарының, бастауыш сыныптарға арналған «Ана тілі»

оқулығы хрестоматиясының, жоғары сыныптар үшін тарих бойынша әдістемелік құралының, «Педагогика тарихы (Білім беру

және педагогикалық ойлар тарихы)» және «Әлеуметтік педагогика» оқулықтарының қосалқы авторы. Сондай-ақ, педагогикалық инноватика, озат педагогикалық тәжірибе және дидактика бойынша кітаптардың авторы. Жалпы және нормативті әдіснама, педагогикалық ғылымтану саласының маманы.

Ш.Таубаеваның жетекшілігімен 8 докторлық және 14 кандидаттық диссертация, 3 докторлық диссертация (PhD) қорғалды. Сонымен бірге 50 диссертациялық жұмысқа пікір берілді.

Конференцияда болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың әдіснамалық негіздері мен жастардың рухани-адамгершілік жаңғыруы аясындағы тәрбие философиясы, ҚР жоғары мектебіндегі ғылыми-зерттеушілік әрекеттің тарихы мен теориясы, университеттік білім беру жүйесінде болашақ зерттеушілерді әдіснамалық даярлау мазмұнының дамуы және бұл мәселенің профессор Ш. Таубаеваның ғылыми мектебінде көрініс табуы, «Өзін-өзі тану» оқу пәні мазмұнының әдіснамалық және теориялық негіздері – рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асыру моделі ретінде, профессор Ш.Таубаеваның шәкірттері зерттеулерінде құзыреттілік тұғыр теориясының дамуы және т.б. тақырыптар қарастырылды.

Баспасөз қызметі

С развитием промышленности и техники особую значимость приобретает вопрос охраны труда и безопасности граждан. Специализированная служба КазНУ им. аль-Фараби тесно взаимодействует в этом направлении с ДЧС г.Алматы и его районными подразделениями.

Безопасность людей – ОБЩАЯ ЗАБОТА!



видеоролики. В текущем году в целях отработки практических навыков действий в случае возникновения ЧС проведены 26 тренингов, 5 сейсмо и 1 селетренировок.

Быть спасателем и пожарным – это не просто профессия, это образ жизни, постоянная готовность к самопожертвованию и выполнению самых сложных задач. Только самые смелые, мужественные и решительные люди выбирают делом своей жизни такую работу. Они первыми приходят пострадавшим на помощь, работают в дыму и огне пожаров, под завалами обрушившихся зданий, на месте техногенных и природных ЧС, в любое время дня и ночи.

В преддверии Дня спасателя, который отмечается 19 октября, от всей души поздравляем своих коллег с профессиональным праздником и выражаем сердечную благодарность за помощь и совместную работу, нелегкий и самоотверженный труд. Желаем вам и вашим семьям крепкого здоровья, благополучия, оптимизма, и успехов во всех начинаниях!

Служба гражданской обороны, охраны труда и техники безопасности КазНУ им. аль-Фараби

Сотрудники отделов по ЧС Бостандыкского и Алмалинского районов постоянно оказывают практическую помощь в работе по профилактике и предупреждению чрезвычайных ситуаций. В ходе проведения совместных мероприятий особое внимание уделяется информированию о необходимости соблюдения сотрудниками, преподавателями и студентами университета мер технической и противопожарной безопасности. В учебных корпусах и общежитиях размещаются наглядные материалы, а через сеть телерадиовещания КазНУ демонстрируются

Жерден асқан БАЙЛЫҚ ЖОҚ

Халқымыз үшін ер мен жердің бағасы аса биік. Қазақ үшін қара жер қасиетті. Тағдыр бізге ұлан-байтақ жер берді.



Ел мен жердің қасиеті мен киесі – ұлы жәдігер. Ұлттық байлық. Ұлттық ұлағат. Тілімізде «Жер тағдыры – ел тағдыры» деген сөз бар. Өйткені, жердің тарихы, оның тағдыры әрбір адамның ашылы-тұщылы өмірбаяны секілді.

Осындай тарихтың қойнауына толы орындардың бірі – Тамғалы тасқа қазақ журналистикасының тарихы және арт журналистика сабақтарын ұштастыра отырып, жетекшіміз Аманкөс Мектептегі мен журналистикадағы ұлы ұстазымыз Көкен Камзинмен топ болып барып қайттық.

Іле өзенінің оң жағасында Тамғалы тас мекені орналасқан. Бұл жерде күз жартастар мен мұз дәуірінен қалған үлкен домалақ тастарға Будда мен Бұрхандардың суреттері ойылып салынған. Тамғалы петроглификасы адамның құдайды көрсетуге деген күрделі ұмтылысын айғақтайды. Ал құдай бейнесі иконографиясының өзі адамдардың санасында қалыптасқан әлем картинасы жайлы түсінікті дәлелдейді.

60 метрлік үлкен жартастар бетіндегі бейнелер әр түрлі стильдегі тибет жазуларымен толықтырылған. Суреттер контур сызықтарының дәлдігімен, нақтылығымен, ерекше көркем нақышымен ерекшеленеді.

Достарымызбен бірге естен кетпестей өткен бұл сапарда жоғарыда сипатталған тарихи деректерге өз көзімізбен куә болдық. Барлығы өз жарасымын тапты: салиқалы сөздер, орынды әзіл-қалжың.

Тек қана бұл емес, аңызға арқау болған өлкеде кең тыныстап, «Қыз Жібек» фильмі түсірілген Іле өзенінің жағасында сейіл құрдық. Ғрыммен ағашқа байланған шүберектер адамдар киелі екенін ұғынып, іштегі ізгі ниетпен келетінін байқатса, бізбен қатар барған өзге топтар да өз зерттеулерін жүргізіп, тау-тасты аралап, биік жартастарды бағындырды.

Ұстаздарымыз бізге тұлпар мініп, ту ұстаған бабаларымыздан қалған жер мен асыл сөз, айбынды ұранның бір парасы іспеттес бұл мекеннің қадір-қасиетін ұғындырып, Қазақстанның мәртебесі мен мерейін асырып, оның әлемдік өркениет көшіндегі орнын айқындап берді.

Тарихи жайттарға толы, қызығы мен тылсым дүниесі басым бұл сапар біздің жадымызда сақталады. Тәлімі мен өнегесі мол спар келешекте жақсы идеялардың негізі болары сөзсіз.

Жанерке АХМЕТ,
журналистика факультетінің
3-курс студенті

Департамент международного сотрудничества сообщает об объявлении конкурса на получение стипендии в Университете Гранада (Испания) в рамках программы Erasmus+

ҚАЗҰУ СТУДЕНТІ
ОҚУҒА ТИІС 100 КІТАП

1. Абай. Қара сөздері мен таңдамалы өлеңдері
2. Мұхтар Әуезов. «Абай жолы»
3. Ахмет Байтұрсынұлы. Өлеңдері мен шығармалары
4. Лев Толстой. «Соғыс пен бейбітшілік»
5. Нұрсұлтан Назарбаев. «Қазақстандық жол»
6. Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Үш анық»
7. Лияс Есенберлин. «Көшпенділер»
8. Жүсіп Баласағұни. «Құтты білік»
9. Олжас Сүлейменов. «Аз и Я»
10. Лияс Жансүгіров. «Құлагер»
11. Бауыржан Момышұлы. «Ұшқан ұя»
12. Мағжан Жұмабаев. Таңдамалы шығармалары
13. Шекспир. «Ромео мен Джульетта»
14. Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау»
15. Шыңғыс Айтматов. «Ақ кемс»
16. Әбдіжәміл Нұрпейісов. «Қан мен тер»
17. Қорқыт ата. «Қорқыттың нақыл сөздері»
18. Иван Тургенев. «Әкелер мен балалар»
19. Федор Достоевский. «Қылмыс пен жаза»
20. Михаил Булгаков. «Мастер мен Маргарита»
21. Ғабит Мүсірепов. «Ұлпан»
22. Сәбит Мұқанов. «Өмір мектебі»
23. Міржақып Дулатұлы. «Бақытсыз Жамал»
24. Николай Гоголь. «Ревизор»
25. Мұқағали Мақатаев. Таңдамалы шығармалары
26. Қожа Ахмет Йассауи. Диуани хикмет
27. Бұқар жырау. Таңдамалы толғаулары
28. Жамбыл Жабаев. Өлеңдері мен дастандары
29. Михаил Шолохов. «Тынық Дон»
30. Жүсіпбек Аймауытов. «Ақбілек»
31. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Таңдамалы шығармалары
32. Мұхтар Шаханов. «Өркениеттің аласуы»
33. Әл Фараби. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат»
34. Александр Грибоедов. «Ақылдың азабы»
35. Міржақып Дулатов. «Оян, қазақ!»
36. Махамбет Өтемісұлы. Таңдамалы шығармалары
37. Бейімбет Майлин. «Шұғаның белгісі»
38. Эрнест Хемингуэй. «Шал мен теңіз»
39. Сәбит Мұқанов. «Мөлдір махаббат»
40. Анна Ахматова. Таңдамалы шығармалары
41. Сергей Есенин. Таңдамалы өлеңдері
42. Асан қайғы шығармалары. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы
43. Ғабиден Мұстафин. «Дауылдан кейін»
44. Гете. «Фауст»
45. Даниэль Дефо. «Робинзон Крузо»
46. Әзілхан Нұршайықов. «Ақиқат пен аңыз»
47. Шерхан Мұртаза. «Қызыл жебе»
48. Гөмер. «Одиссея», «Илиада»
49. Борис Пастернак. «Доктор Живаго»
50. Мұхтар Әуезов. Философия жайындағы макалалары
51. Сервантес. «Дон Кихот»
52. Марина Цветаева. Таңдамалы өлеңдері
53. Қасым Аманжолов. Таңдамалы шығармалары
54. Мұхтар Мағауин. «Аласапыран»
55. Фариза Оңғарсынова. Таңдамалы шығармалары
56. Теодор Драйзер. «Америкалық трагедия»
57. Тұманбай Молдағалиев. Таңдамалы шығармалары
58. Конфуций. «Лунь Юй»
59. Дулат Бабатайұлы. «Осиетнама» жинағы
60. Кабдеш Жұмділов. «Тағдыр»
61. Эрнест Хемингуэй. «Кош, бол майдан»
62. Михаил Лермонтов. Таңдамалы өлеңдері
63. Әнуар Әлімжанов. «Махамбеттің жебесі»
64. Александр Пушкин. «Борис Годунов»
65. Василий Шукшин. «Қызыл бурген»
66. Ақтамберді. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы
67. Антон Чехов. «Шағала»
68. Александр Островский. «Жасауы жоқ қалыңдық»
69. Сапарғали Бегалин. «Шоқан асулары»
70. Иса Байзақов. «Құралай сұлу»
71. Стендаль. «Қызыл мен кара»
72. Белла Ахмадулина. Таңдамалы шығармалары
73. Әбіш Кекілбаев. «Үркер»
74. Жұбан Молдағалиев. «Жүректегі жазулар»
75. Зейнолла Кабдолов. «Менің Әуезовім»
76. Дулат Исабеков. «Тіршілік»
77. Булат Окуджава. Таңдамалы шығармалары
78. Әзілхан Нұршайықов. «Махаббат қызық — мол жылдар»
79. Тахауи Ахтанов. «Шырағың сөнбесін»
80. Сәкен Жүнісов. «Ақан сері»
81. Бердібек Соқпақбаев. «Өлгендер қайтып келмейді»
82. Антон Чехов. Әңгімелері.
83. Софы Сматаяев. «Елім-ай» трилогиясы
84. Оскар Уайльд. «Дориан Грейдің бейнесі»
85. Хамит Ерғалиев. «Құрманғазы»
86. Федор Тютчев. «Сіз неге бүгін...»
87. Евгений Евтушенко. Таңдамалы шығармалары
88. Иван Гончаров. «Обломов»
89. Аристотель. «Саясат»
90. Оралхан Бөкеев. «Атау кере»
91. Әбілділ Тәжібаев. «Монологтар»
92. Саттар Ерубаев. «Менің құрдастарым»
93. Зейтін Ақышев. «Жаяу Мұса»
94. Томас Мор. «Утопия»
95. Роберт Рождественский. Таңдамалы шығармалары
96. Артур Шопенгауэр. «Әлем дегеніміз — ерік пен ұғым»
97. Джек Лондон. «Қасқыр»
98. Сәкен Жүнісов. «Аманай мен Заманай»
99. Төлеген Айбергенов. Өлеңдер жинағы
100. Бексұлтан Нұржәкеев. «Бір өкініш, бір үміт»

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Омаров Ғани Қалиханұлы мен аталмыш кафедраның аға оқытушысы, археолог Бесетаев Бауыржан Берканұлының жетекшілігімен «Археология және этнология» мамандығының 2-курс студенттері Алтай археологиялық экспедициясы аясында Алматы қаласынан Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Ақбұлақ ауылында болып қайтты.



Экспедицияның мақсаты — Оңтүстік-батыс Алтайдағы ерте және ортағасырлық көшпелілердің қасиетті мекені болып саналатын Бесоба — I қорымына кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ғылыми айналымға тың серпелістер енгізу. Экспедицияның алғашқы күндері лагерге орналасу шаралары жүзеге асырылса, келесі күні экспедиция басшысы Ғани Қалиханұлы археологиялық кешендерді егжей-тегжейлі түсіндірді. Қазба барысында жүргізілетін негізгі зерттеу әдістеріне тоқталып өтті.

Алдымен қорғанның беткі бөлігін аршу және тазалау жұмыстары өз деңгейінде тыңғылықты орындалды. Қазба жүргізіліп жатқан алаңдағы күнделікті жұмыстар жоспар бойынша іске асырылып, обаның сыртқы көрінісі техникалық жабдықтардың көмегімен суретке түсірілді. Лазерлі теодолиттің көмегімен обаның макропографиясы, жоспары және қимасы сызбаға түсірілді. Аталмыш аймақта барлау жұмыстарын жүргізу барысында жаңадан ескерткіштер анықталып, тізімге алынып, олардың жоспары жасалынды.

Бірнеше күнді қамтыған қазба жұмыстарының нәтижесінде қатты тонауға ұшыраған қабір шұңқырынан шашырай орналасқан адам қаңқалары табылды. Қабір бірнеше рет тонаушылыққа ұшырағанымен, біз үшін теориялық және практикалық жағынан мол тәжірибе аларлықтай кешендердің бірі болды.

Қызықтар мен шытырман оқиғаларға толы экспедиция мұнымен аяқтала қойған жоқ. Экспедиция маусым айының 25-30 күндер аралығындағы Қазақстан Республикасының Біріккен ұлттар ұйымына кіргеніне 25

жыл толуына орай ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Елдің зияткерлік әлеуеті» мемлекеттік бағдарламасы негізінде Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен Халықаралық тұрақты туризм жылы аясында «Ұлы Алтай жолымен» археологиялық медиакеруеніне ұласты. Медиакеруеннің ұйымдастырылуына үлес қосқандар: Ә.Марғұлан атындағы археология институтының бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д., профессор Зайнолла Самашев, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарапынан Алтай археологиялық экспедициясының жетекшісі, т.ғ.к., доцент Ғани Омаров, Қазақ елі экспедициясының жетекшісі, ф.ғ.д., профессор Гүлмира Сұлтанбаева, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университетінен Берел археологиялық экспедициясының жетекшісі, археолог Елдос Қариев, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен Шыңғыстау археологиялық экспедициясының жетекшісі, т.ғ.к., доцент Ұлан Үмітқалиев.

Археологиялық медиа керуен Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында аталған міндеттердің бірі — «Туған жер» бағдарламасын орындауға бағытталды.

«Ұлы Алтай жолымен» археологиялық медиакеруені екі бағытта жүргізілді: біріншісі — Алматы — Шілікті — Күршім — Берел; екіншісі — Астана — Шыңғыстау — Берел.

Алтайдың сайын даласында орналасқан Берел археологиялық кешенінде «Ежелгі және

ортағасырлық Еуразияның мәдени-тарихи үдерістері контекстіндегі Алтай археологиясы» халықаралық Жазғы археология мектебі ұйымдастырылды. Шара аясында қазақтың атақты археолог ғалымы Зейнолла Самашев және оның шәкірттері қазба жұмысына қатысқан археолог-студенттерге көшпелі дала семинарлары мен шеберлік сағаттарын өткізді. Сонымен қатар, атақты археолог, Еуразия ұлттық университетіне қарасты археология және этнология кафедрасының профессоры Хабдулина Марал Қалымжанқызымен кездесудің сәті түсіп, кезекті отырыстардың бірінде баяндамасын тыңдадық. Археологиялық медиакеруен жұмысына отандық және Ресей, Түркия, Германиядан келген ғалымдар қатысты.

Медиакеруен тек қана ғылыми тәжірибе мен дәрістік сабақтармен шектелмей, археолог-ғалымдар мен студенттер арасындағы тағылымды кештердегі поэзиялық толғаныстарға, сазды әуендерге және шығармашылық қабілетті танытатын әдеби ой-толғауларға толы болды. Осы сәтте ұстаздар мен студенттер бір-бірінің өнерлеріне, жан-жақтылығына тәнті болып, жаңа қырынан танылды.

Мүйіз тармақ қайындар мен мәңгі жасыл самырсын, балқарағай, шырша өскен жүздеген жылдық орман қаптаған Алтайдың маңғаз сілемдері, көркем әсем аңғарда орналасқан Берел тарихи-мәдени қорық-мұражайына экскурсия жүргізіліп, сан ғасырлық тарих мұраларының қойнауынан сыр шертетін экспонаттармен таныстық. Мәңгі ақмуз шындардан төмен қарай Бұқтырманын, Ақберелдің және Бұлантының мөлдір, ағынды сулары құлдырап ағады, шығысы мен батысынан аңғарды Кемпір, Қайнар, Шаңырақ, Бітеу, Ақшоқы және Тарбағатай жоталары қоршап жатқан бұталы ну, аралас шөпті шалғын мен шалғынды жазықтар кең таралған Алтай өңіріндегі Берел, қазіргі таңда әрісі адамзаттың, берісі асыл текті сак-түркі жұртының ата қонысы ғалымдар мен саяхатшылардың аяғы үзілмейтін киелі орынға айналды.

Берел қорғанын тамашалау арқылы ата-бабалар мұрасының сонау заманнан қазіргі уақытқа дейін үзілмей жеткеніне көз жеткіземіз. Көңілге мақтаныш сезімі ұялап, бабалар рухына деген құрмет арта түседі. Ежелгі көшпелілер дәуірінің ақпараттық бірегей және көркемөнерлілігі жағынан үздік құндылықтарының куәгері болдық.

Қымбат ҚАТИЯТ,
Назым ДҮЙСЕНБАЙ,
Жанбота ЖҰМАҒАЛИЕВА,
«Археология және этнология»
мамандығының 3-курс студенттері





Зағынар ОРАЛХАН
Батыс Қазақстан
облысының тумасы.
ҚазҰУ-дың филология және
әлем тілдері факультеті,
қазақ филологиясы
кафедрасының 1-курс
студенті. «Көкжиек»
ұйымының белсенді мүшесі.

СЕРТ

Қол бұлғап таулар, тым алыс құмдар,
Шерттердей әлем сырларын.
Долданған тағдыр, қуаныш, мұңдар,
Жалмайды жүрек жырларын.

Өнер көгінде самғаса адам
Биіктен жасар мінберін.
Шабытка қарсы қалмас шыдам
Ақынның ұрлар түндерін.

Қиялға еріп кеткенмін қалай?
Тапсам деп бақыт қаламнан.
Өрнектеп өңін өткеннің талай,
Жаңғырар жылдар санамнан.

Уақыттың үні тықылдап сырғып,
Тербейді нәзік жүректі.
Өмірдің сырын ұғынбақ жыр ғып,
Салармын өлең суретті.

Аймалап нұры Күн менен Айдың,
Шомылып мәңгі шапаққа.
Адамзат әлі білмеген жайдың,
Сұлбасы түсер паракқа.

Сертімді бердім болам деп ақын
Көңілді байлап желікке.
Бір жола міндім жазам деп нақын
Қалам ерттеген көлікке.

Жарқырар жанып, жанарым жарық
Ғазалын айтып ғажайып.
Шалдықпас шайыр боларым анық
Арнасы кеппей Ақжайық.

ТҮЙСІНУ

Қара түннің қойнында ілбіген ойдан
Сана сұқтанып
Жұлдыз сипап басынан мүлгіген Айдан,
Қалам сырғиды құт дарып.
Аспан аунай ағыла тұскен шабытты
Парақ матырып неге жұтпадық?
Ертерек, жаным?..

Көкіп кеткен кеуденің көлкіген үнін
Тәкаппарлығыма сіңірдім.
Шимай беттің өлеңім мұңкіген күлін,
Бетіне шаштым қызыл інірдің.
Еңсем емген өрліктің жемесі қайда?
Жарымаған жанарлар жазғырар...
Көз алдымда таулардың елесі майда,
Жердің жүзінен наз сығар.

Сүмбіл талдың денесін жел біткен желпіп,
Жазғы арайдан қызғанып.
Аңсар аңқи қауышып, белдіктен ертіп,
Құштары қанып,
қалған қанымның мұзданып.
Сарсаң көңілім...
Қиял бейнесіндегі көре алмай қызды анық.

Жасы тағман мөлтілдеп көбелектің де,
Тас мүсін гүлдер төнгенде.
Арамызды күдік ой бөле кеттің бе?!
Үрейдің үлі енгенде.
Қою қара түндерде ғана маздайтын,
Сезімнің оты сөнгенде
Кешіріші, жаным.

Баяу ескен самалға кеудені тосып,
(Азаттық лебі бар)
Алғанмын құштырып.
Жазылмаған жырлардың керуені жосып
бараты құлын жыр ышқырып.
Сөкпендер мені!

ЭРГОФОБИЯ

Сүйреленген сенімің сүрініп кетіп,
Құздан тастаса бұлдыр бейнесін.
Жаныңды сонда мын күдік жегіп, тоз қылар
намыс бас игесін.

Беткейін кезіп бетегесіз белдердің
Шарасыздық — ол қыл бұрау мойнына түсіп,
төсінде қалып желдердің
Шыңырау әлемге құлдырау.

Селдетіп жасын, төгіп мұң-зарын
Пәтуа табар ма өрт кеуде?
Үскірік деп ойлап, өмірдің ызғарын
«Жылу» деп өзін «өртеуде».

Ақыл-ой құнары біртіндеп жұтылып
Гүлдердей солған қараусыз.
Арман тұлпардың тілі де тұтылып
Қалған соң жал-құйрық тараусыз.

Арын кепкенде, шөлдеп иманың,
Шайқалып тірлік, шала бақ.
Жақсылық істен болмай жиғаның,
Көңілде қалар кара дақ.

Салқындық тартып уақыттың тықылы
Алғанда сынақ алқымнан
Жатырқар адам бақытты құқылы...
Бақытсыз бітпес сондықтан...



КҮЗГІ СЫР

Көкірек толған шер, мұң, наладан
Арылам қашан белгісіз.
Жытырқап тұрған бұл сұм қаладан
Көрсем ше кендік сенгісіз.

Үмітке артып шексіз арманды
Арбалғам қиял толы ізден.
Түнерген жаным кексіз зарлы әнді
Іздейді әлі бұл күзден.

Даланы аңсап, көңіл ауады,
Сай-сала, жайлау, көк аспан.
Мендегі биік көгін табады,
Шындық пен жалған таласқан.

Сезімге еріп, сергелден болдым
Құздарға қашап жырымды.
Өлеңмен өлмес өр кеудем толды
Тас көше естіп сырымды.

Шабытым жатыр атыраптарда,
Үзіліп түсіп бұтақтан.
Ақын боп ұқтым жапырақтарда
Күздегі нәзік жыр жатқан.

Сөйтсем мен шіркін жаңсақ ойлағам
Болмайды демеу дала да.
Жапырақ жерді самсап жайлаған
Әдемі күз тек қалада.

ЖЫРБЕЙНЕ

Тілгілеп қалың мұңның қатпарларын,
(Иңкәрлік аңсап бара жатты арманын).
Жүректі сан құбылтқан сезімдердің,
Жас болып тұнып қалған сақтар әнін.

Кейінге саркытым — ол, саркып төгер,
Қаламның ұшы арқылы қалқып келер.
Кінәм жоқ, қайғы аралас жыр буынан,
Жұлдыз түгіл Ай ақса, балқып егер.

(Балқымай қайтсін шіркін, мен о баста
Болғанмын ғашық сосын жоламас та.
Сүйгенді сүйместей боп қызғаныштан
Ай ішіне жасырдым бола қасқа.)

Дағдыдан сенім шошып алды бұлдыр,
Көңілге селкеу түсіп қалды құрғыр.
Бақыты ессіздіктің тәтті елестер...

Дәл сол Ес албырттыққа салды шыншыр.
Ұйығып ойларым тұр тәні кеуіп,
Қиялға қосақтанса мәні кеніп.
Санадан жасырынған әуен сыңсып,
Ұялап қалам деуі әбегерлік.

Жұлқиды өлең ескі шақтарымды,
Бейнесі шумақтарға ақтарылды.
Өртенген өзегімнің құпиясын,
Жүргенде білмей қайда сақтарымды.

Кептеліп кең жолдарда сөз тізбегі,
Сүрініп көркемдікке көз біздегі.
Көгінде қиялымның канша тіркес,
Сұқтанып көк сияға үздігеді.

БЕЙӨМІР

Беймаза уақыт, бейкам сәт,
Бұлыңғыр елес белгісіз...
Баянсыз бақыт, сойқан шақ,
Сойылын соғар сенгісіз.

Тажалдық тән бе тағдырға,
Тәкаппар ма, әлде тым өктем?
Талауға түскен құрғырға,
Келер ме тосын бөлек дем.

Алғанмен сұрап бақытты,
Бақытсыз болған қаншама.
Басына киіп «қамытты»,
Бейшара жүр ме тамсана.

Жүдетіп тірлік талайды,
Үстемдік үнмен тіл қатқан.
Жүректен мүмкін жылдайды,
Қайғыдан ауыр зіл батпан.

Бейбақтық өмір сүргем жоқ,
Аз емес онсыз оларың.
Мұңға-мұң жамап жүргем жоқ,
Жұбатсам деймін қыларың.

Сайранын ұзақ құрғандай,
Кешегі күндер кіршіксіз.
Жылдарым жылап тұрғандай.
Өткенде түнім кірпіксіз.

Дайындаған **Жайна ДІДЖЕБАЕВА**,
филология және әлем тілдері
факультетінің 3-курс студенті

Сиқырлы АЛТЫН КҮЗ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да философия және саясаттану факультеті мен «Жас Отан» жастар қанатының ұйымдастыруымен және «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы студенттерінің атсалысуымен Алтын күз байқауы өтті.

Ғажайыпқа толы мезгілдің соңғы сиқырлы сәтін, күзгі гүлдердің керемет жұпарын, жиналған жемістердің тәтті дәмін сыйлауға асыққан студенттер Алтын күз кешіне ерекше дайындалды. Әрбір сайыскер өз өнері мен білімін Ортаға салды. Негізгі мақсат — топ арасынан алға шығып, кештің «Ханзадасы» мен «Ханшайымы» атану. Әр жұп өз сән-салтанатымен кештің сәнін кіргізді.

Бірінші кезеңде барлық сайыскерлер бейнекөрініс арқылы махаббат хикаялары жайлы баяндаса, екінші сайыста жұптар би билеп, ән шырқады, тіпті цирк өнерінен де қойылым көрсетті. Үшінші кезең, арнайы тапсырмаларды орындаумен ерекшеленсе, соңғы кезеңде әр жұп өз қолдарымен тіккен

киімдерін көпшілік алдына шығарды. Соңғы сән үлгісіндегі тамаша киім үлгілері көздің жауын алады.

«Студенттерді біліммен қатар, өнерге, тәрбиеге бағыттайтын мұндай шағын шаралардың өзі үлкен жетістіктерге жетуге

септігін тигізеді. Бұл студенттердің сахна мәдениетін қалыптастырып, ортада өз пікірлері мен ойларын жинақы жеткізулеріне ықпал етеді», — дейді ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова.

Сонымен, байқаудағы қазылар алқасының шешімімен бірінші орынға «Саясаттану» мамандығының студенттері — Еркебұлан Жолаев пен Еркежан Какенова, екінші орынға «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының студенттері — Ернар Спақ пен Алтынай Тасимова, ал үшінші орынға дінтану және мәдениеттану кафедрасының студенттері Сымбат Асылбек пен Азиз Парадбековтер ие болды. Сайыс жеңімпаздарына факультет және «Жас Отан» ЖК тарапынан дипломдар мен сый-сияпаттар табысталды.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасының
1-курс PhD докторанты

Жалғасы. Басы 1-бетте

Қадамың құтты болсын, студент!



Әсемжан САРСЕНОВА,
география және табиғатты пайдалану
факультетінің 1-курс студенті:

– Бұл күн – он бір жылдық білімнің биік нүктесі іспетті. Сол білімнің құзар биігіне өрлеп, ҚазҰУ студенті атандық. Енді білімді студенттен білікті маман атануға талпынамыз. Осындай керемет кеш сыйлаған ұйымдастырушыларға, оқытушыларға, факультетіме және ректорымызға алғыс білдіремін!



Азиза ҚАЛИЕВА,
ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері
факультетінің 1-курс студенті:

– Бүгінгі шара – біз үшін үлкен қуаныш. Біз бұл сәтті асыға күттік. Біз бүгін салтанатты түрде өзіміз армандаған ҚазҰУ-дың студенті атанып отырмыз. Осындағы барлық достарымның, группаластарымның атынан мектеп бітіруші түлектерге армандарының орындалып, максаттарының биігінен көрінулеріне тілектестік білдіремін!

сайын дәлелдеп келеді. Атап өту керек, ҚазҰУ студенттері мен ғалымдарының жобалары Астана қаласында өткен халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесінде көрсетілді. Күні бүгін университетте 14 студенттік бизнес-инкубатор қарқынды жұмыс істеуде.

Кеш соңында 1-курс студенттері ресми түрде «Студенттік билетке» ие болды. Студенттер университеттің бетке ұстар шәкірті болуға, оның абыройын асқататуға, бәсекеге қабілетті маман болуға ант етіп, «Гаудеамус» әнін хормен шырақды. Әдемі кеш дәстүрлі студенттер вальсімен жалғасып, ҚазҰУ өнерпаздарының «Жасай бер, ҚазҰУ-ым» әні қалашық аспанында әуеледі. Көңілді мереке би кешіне ұласты.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА,
тарих, археология және
этнология факультетінің
2-курс магистранты

Бұдан бөлек 2015 жылы Оңтүстік Кореяның Кванджу қаласында өткен Бүкіләлемдік жазғы Универсиада ойындарында Қазақстан қоржынына түскен 6 алтын медальдің 5-еуін ҚазҰУ спортшылары жеңіп алған болатын. Республика бойынша ҚазҰУ – жазғы Универсиада ойындарының бес дүркін чемпионы.

2017 жылы Тайвэй қаласында өткен 29-шы Жазғы универсиада ойындарында, Денис Уланов, Дмитрий Баландин, Сергей Григорьев

4 медаль – алтын, 2 күміс, қола медалін иеленді.

Бұл мерекеде университеттің соңғы жылдарда жеткен жетістіктері мен бағындырған белестері кеңінен насихатталды. Білікті маман, отаншыл азамат тәрбиелеуді мақсат еткен оқу орны білім беру мен ғылымның озық үлгілерін қолданысқа енгізуде.

QS халықаралық рейтингі бойынша биыл 236-орнын сақтаған ҚазҰУ әлемнің ең үздік 250 университеті қатарында. Ұлттық рейтинг бойынша да университет көшбасшылығын жыл

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Жазгерке ҚАРАТАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 7,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17

Тел: 8(727) 273-12-04

**Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №3027**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.